

БЕКІТЕМІН

Алматы қаласы ҚДБ-ның
ШЖК «Қалалық паллиативтік
көмек орталығы» КМК-ның
директоры
Аяганова А.С.



Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қағидалары

1. Осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленген және ШЖК «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» КМК-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін Кәсіпорын директорының, ол болмаған жағдайда оның міндеттерін атқаратын немесе оның лауазымын алмастыратын тұлғаның шешімі негіз болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелерінің негізінде де қабылданады.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорын директоры айқындайтын құрылымдық бөлімше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілетті тұлға немесе оның шешімімен құрылған жұмыс тобы жүргізеді.

Директордың шешімі бойынша жұмыс тобының құрамына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандарын және (немесе) сарапшыларын тартуға құқылы.

5. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі – бөлімше) қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешімде мынадай ақпарат болады:

1) қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жататын бөлімшенің атауы;

2) осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды тұлғалар) немесе жұмыс тобының персоналдық құрамы туралы;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі;

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін лауазымды тұлға туралы.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің мерзімділігін Кәсіпорынның директоры айқындайды.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) бөлімшенің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

9. Бөлімшенің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар анықталады.

10. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп мынадай мәселелер түсіндіріледі:

1) персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) мемлекеттік қызмет көрсету;

4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;

5) бақылау функцияларын іске асыру;

6) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін қажетті ақпарат көздері мыналар:

1) бөлімшенің қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілер;

2) бөлімшеге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері;

3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

4) бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

5) прокурорлық қадағалау актілері;

6) сот актілері;

7) ұсынылуына Қазақстан Республикасының заңнамасымен жол берілген өзге де мәліметтер.

12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты;

2) оларды жою бойынша ұсынымдарды;

3) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтама әзірленеді.

13. Талдамалық анықтама сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген адамдармен, қызметінде сыбайлас жемқорлыққа талдау жүргізілген бөлімше басшысымен келісіледі және оған осы қағидалардың 6-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген лауазымды тұлғамен қол қойылады.

14. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туралы ұсынымдар бар талдамалық анықтама Кәсіпорынның директорына қарау және шаралар қолдану үшін ұсынылады.

15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданып жатқан) шаралар туралы ақпарат Кәсіпорынның интернет-ресурсында жарияланады.

16. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелеріп қоғамдық талқылауға, сонымен қатар Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша алқа, консультативтік-кеңес органдарының отырыстарында талқылауға жол беріледі.